

« 01 » 09 2024 ж

Осы шарт Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Заңғар» бөбекжай бақшасы атынан меңгеруші А.Шорабекова және Аширбек Нұрдаулет ересек «Бәйтерек» топқа баратын баланың ата-анасы Мырзабайқызы Шуғыла арасында жасалды.

Аталған шарттың мақсаты баланы оқыту, тәрбиелеу, қарау, күту және сауықтыру кезінде туындайтын өзара қарым-қатынасты айқындау және реттеу болып табылады.

1. МДҰ баланы топқа денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, ата-аналармен жасалған шарттың негізінде қабылдайды және баланы қорғауды, оның дене және психикалық денсаулығын нығайтуды, тәрбиелеуді, оқытуды, күтуді, қарауды, зияткерлік және жеке дамуын, эмоциялық қолайлықты қамтамасыз етуді міндетіне алады.

2. МДҰ баланың эмоциялық жеке қарым-қатынасқа деген қажеттілігін, шығармашылық, қызығушылық қабілеттерін дамыту мен оқытуды қамтамасыз етеді.

3. МДҰ өз қызметінде ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен МДҰ-ның қызметін реттейтін құжаттарды, қосымша білім берудің ақылы қызметі туралы ережені, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша өзге де нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

4. Төлем тәртібі:

- Тамақтану үшін – баланың МДҰ-да күндерінің санына тең.
- Баланы күтіп-ұстау құны ҚР заңнамалық құжаттарындағы, «Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасының Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі» ММ бұйрықтарындағы өзгерістерге байланысты ұлғаю немесе азаю жағына қарай өзгеруі мүмкін.
- Баланың бақшада тәрбиеленуі мен тамақтануының төлем ақысы бір күнтізбелік айға 5000 (жеті мың) теңгені құрайды.
- Төлем әр айдың 10 – на дейін жүргізілуі тиіс.
- Төлем қолма-қол негізінде жүргізіледі.

5. Бала ауырған жағдайда, санаториялық-курорттық емдеуден өткен кезде, жазғы сауықтыру кезеңінде күнтізбелік 60 күндік мерзімге ата-аналарының демалысы кезінде баланың МДҰ-дағы орны сақталады.

6. Ата-аналар

- балалармен жұмыс істеуді, МДҰ-да білім беру қызметін ұйымдастыруды жақсарту туралы ұсыныстар енгізуге;
- осы шартта белгіленген жағдайларда баланы қарауды, ұйымда ұстауды, тәрбиелеу мен оқытуды талап етуге;
- түрлі ата-аналар қауымдастығын, клубтар, ассоциациялар құруға;
- сабақтарға, режимдік сәттерге, есептік концерттерге қатысуға;
- педагогтардың топтағы жұмыстары туралы есептерді тыңдауға құқылы.

7. Ата-аналар

- этикалық нормалардың бұзылуына жол бермеуге, МДҰ қызметкерлеріне сыйлы қарым-қатынас көрсетуге;
- баланың ұйымда ұстау төлемін ағымдағы айдың 10-на дейін уақытылы төлеуге міндетті.

Бір данасы қолына беріледі: